

Хаттама №1

Күні: қыркүйек 2023 ж.

Өткізу орны: Амангелді ауылының ЖОББ мектебі

Қатысқандар: Гуманитарлық пәндер мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. ӨБ-тің өткен оқу жылындағы жұмысының талдауы.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған ӨБ-тің басым бағыттары, міндеттері және жоспарымен таныстыру.
3. 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және оқу бағдарламаларымен танысу.
4. Бірлестік жұмыс жоспары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарды бекіту.
5. Тілдер мерекесіне орай “Қазақ тілі – байлығым” атты онкүндік жоспарын бекіту.
6. Жас мұғалімдерге тәлімгер тағайындау.
7. Жас мұғалімдерге күнтізбелік жоспар құруға көмектесу және журнал толтыру талаптарымен таныстыру.
8. **Тыңдалды:**

1-мәселе бойынша:

ӨБ жетекшісі өткен оқу жылындағы жұмыстарға сараптама жасап, жоспарланған іс-шаралардың орындалуы мен нәтижелеріне тоқталды. Жетістіктермен қатар, шешуді қажет ететін мәселелер де атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестіктің негізгі мақсаттары мен міндеттері таныстырылды. Негізгі басым бағыттар ретінде: оқыту сапасын арттыру, критериалды бағалау жүйесін жетілдіру, оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту, дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты күшейту аталды.

3-мәселе бойынша:

Мұғалімдер 2023–2024 оқу жылына арналған ҚР БҒМ әдістемелік нұсқау хатымен және жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндік бағдарламалармен танысты. Өзгерістер мен ерекшеліктерге тоқталып, тәжірибелік сұрақтар талқыланды.

4-мәселе бойынша:

ӨБ-тің жылдық жоспары және пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары ұсынылып, талқыланды. Барлық жоспарлар бекітуге ұсынылды.

5-мәселе бойынша:

Тілдер мерекесіне орай “Қазақ тілі – байлығым” атты онкүндік жоспары таныстырылып, бекітуге ұсынылды. Мерекелік іс-шаралар, сыныптан тыс жұмыстар мен көрмелер ұйымдастыру жоспарланды.


6–7-мәселелер бойынша:

Жас мұғалімдерге тәлімгерлер тағайындалды. Тәлімгерлік жұмыстың бағыттары анықталып, жас мамандарға күнтізбелік жоспар құруда әдістемелік көмек көрсету және мектеп құжаттарын, атап айтқанда журнал толтыру ережелерімен таныстыру жұмыстары белгіленді.

Қаулы етті:

1. ӨБ-тің 2022–2023 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, ескерту ретінде айтылған кемшіліктер бойынша жұмыс жүргізілсін.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған ӨБ-тің мақсаттары мен міндеттері назарға алынып, жұмыс осы бағытта жүргізілсін.
3. Әдістемелік нұсқау хат және пәндік бағдарламалармен жұмыс барысында үнемі басшылыққа алынсын.
4. Бірлестік жоспары және күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар бірауыздан бекітілсін.
5. “Қазақ тілі – байлығым” атты онкүндік жоспары бекітіліп, іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.
6. Жас мұғалімдерге тәжірибелі ұстаздардан тәлімгер тағайындалып, жүйелі әдістемелік көмек көрсетілсін.
7. Жас мұғалімдерге құжат жүргізу, жоспарлау, журнал толтыру талаптары түсіндірілсін және бақылауға алынсын.

Бірлестік жетекшісі: Кенжекеева А.Н



Хаттама №2

Күні: ____ қараша 2023 ж.

Өткізу орны: Амангелді ауылының ЖОББ мектебі

Қатысқандар: Гуманитарлық пәндер мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. I тоқсан қорытындысы, БЖБ, ТЖБ нәтижелерін талдау және модерация жүргізу.
2. Үлгерімі төмен және қабілетті оқушылармен жұмыс жоспарын құру және бекіту.
3. ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық жұмысының жоспарын қарастыру және бекіту.
4. Ашық сабақ апталығын өткізу жоспары.
5. Мектепшілік пәндік олимпиада өткізу, қорытындысы және аудандық олимпиадаға дайындық.
6. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу, ұсыныс-пікірлер білдіру.
7. Дәптерге қойылатын бірыңғай талаптардың орындалуын қадағалау.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

I тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдері БЖБ, ТЖБ нәтижелерін талдап, оқушылардың оқу жетістіктері мен білім сапасына сараптама жасады. Бағалау критерийлерінің дұрыс қолданылуы мен модерация жүргізудің сапасы қарастырылды.

2-мәселе бойынша:

Үлгерімі төмен және қабілетті оқушылар тізімі нақтыланып, жеке жұмыс жоспарлары ұсынылды. Қабілетті оқушыларға арналған тереңдетілген тапсырмалар, олимпиадаларға қатысу, ал үлгерімі төмен оқушылармен түсіндірме және түзету жұмыстары ұйымдастырылатыны айтылды.

3-мәселе бойынша:

ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық жоспары таныстырылып, бекітуге ұсынылды. Тест жұмыстарын жүйелі өткізу, тақырыптық қайталаулар мен қосымша сабақтар кестесін жасау жоспарланды.

4-мәселе бойынша:

Ашық сабақ апталығы өткізу туралы ұсыныс қабылданды. Апталық барысында жаңаша әдістерді қолдану, интерактивті сабақтар көрсету және тәжірибе алмасу көзделді.

5-мәселе бойынша:

Мектепшілік пәндік олимпиада өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. Аудандық кезеңге дайындық жұмыстары басталды. Мұғалімдерге оқушылармен жеке жұмыс жасау тапсырылды.

6-мәселе бойынша:

Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысып, пікір білдіру жұмыстары жүргізілді. Мұғалімдердің әдістемелік деңгейі мен сабақ жүргізу шеберлігіне талдау жасалып, ұсыныстар берілді.


7-мәселе бойынша:

Оқушы дәптерлеріне қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуы тексерілді. Мұғалімдер тарапынан талаптардың жүйелі орындалуы ескертіліп, бақылау жалғасатыны айтылды.

Қаулы етті:

1. I тоқсан қорытындысы бойынша БЖБ, ТЖБ және модерация жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
2. Үлгерімі төмен және қабілетті оқушылармен жеке жұмыс жоспары бекітіліп, орындалуы тұрақты бақылауда болсын.
3. ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық жоспары бекітілсін, дайындық жұмыстары жүйелі жалғасын тапсын.
4. «Білім баға жетпес - байлық» атты ашық сабақ апталығы бекітіліп, барлық мұғалімдер белсенді қатыссын.
5. Мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша аудандық кезеңге дайындық күшейтілсін.
6. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу, әдістемелік қолдау көрсету жалғассын.
7. Дәптерге қойылатын бірыңғай талаптардың орындалуы тұрақты тексеріліп, кемшіліктер түзетілсін.

Бірлестік жетекшісі: Кенжекеева А.Н



Хаттама №3

Күні: желтоқсан 2023 ж.

Өткізу орны: Амангелді ауылының ЖОББ мектебі

Қатысқандар: Гуманитарлық пәндер мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша талдау.
2. Пән бойынша қосымша сабақтардың өту барысы туралы мәлімет.
3. I жартыжылдық бойынша бақылау жұмыстарының, БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау және модерация жүргізу.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

ӘБ жетекшісі I жартыжылдықтың қорытындысын шығарып, оқу жетістіктері мен орташа баллдарды талқылады. Оқушылардың оқу белсенділігі мен пәндер бойынша үлгерімі бағаланды. Мұғалімдер тарапынан оқу бағдарламасының орындалуы мен оқушылардың білім деңгейі қарастырылды. Жоғары нәтиже көрсеткен және үлгерімі төмен оқушыларға қатысты ұсыныстар берілді.

2-мәселе бойынша:

Қосымша сабақтардың өту барысы талқыланды. Оқушылардың қосымша сабақтарға қатысу деңгейі мен олардың сапасы сарапталды. Мұғалімдер тарапынан қосымша сабақтардың тиімділігі, материалдың тереңдетілуі туралы ақпарат ұсынылды. Қосымша сабақтардың графигі бойынша мәселелер көтеріліп, бірқатар түзетулер енгізілді.


3-мәселе бойынша:

I жартыжылдық бойынша БЖБ, ТЖБ және бақылау жұмыстарының нәтижелері қарастырылып, талдау жасалды. Әрбір сыныптың нәтижелері, оқушылардың жиілікпен жасаған тақырыптары анықталды. Модерацияның әділдігі мен дәлдігі туралы талқылау жүргізіліп, жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізілді.

Қаулы етті:

1. I жартыжылдық қорытындысы негізінде оқу процесін жақсарту бойынша қосымша шаралар қабылдансын.
2. Қосымша сабақтардың өту барысы жақсартылсын, оқушылардың қатысуын арттыру үшін жаңа әдіс-тәсілдер қолданылсын.
3. БЖБ, ТЖБ және бақылау жұмыстарының нәтижелері талдансын, оқушылардың үлгерімін жақсарту мақсатында жеке жұмыстар жүргізілсін.
4. Модерация жұмыстарын жалғастырып, бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету үшін мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылсын.

Бірлестік жетекшісі: Кенжекеева А.Н



Хаттама №4

Күні: наурыз 2024 ж.

Өткізу орны: Амангелді ауылының ЖОББ мектебі

Қатысқандар: Гуманитарлық пәндер мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. 9–11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға және ББЖМ -ға дайындық тестілеу нәтижелерін байқау.
2. Тарих және құқық негіздері пәндерінің сабақтарына қатысу, әдістемелік көмек көрсету.
3. Үлгермеуші және қабілетті оқушылармен жұмысты байқау.
4. III тоқсан қорытындысын талдау.
5. **Тыңдалды:**

1-мәселе бойынша:

9–11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға және ББЖМ -ға дайындық барысында өткізілген тестілеулердің нәтижелері қарастырылды. Оқушылардың оқу жетістіктері мен дайындық деңгейі бағаланды. Тест нәтижелері негізінде оқушылардың әлсіз тұстары анықталып, қосымша дайындықтар үшін жоспар құрылды. Жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар аталып өтілді.

2-мәселе бойынша:

Тарих және құқық негіздері пәндерінің сабақтарына қатысу барысында мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетілді. Сабақтардың мазмұны мен әдіс-тәсілдері талқыланды. Мұғалімдердің сабақ беру шеберлігін арттыру үшін ұсыныстар мен пікірлер берілді.

3-мәселе бойынша:

Үлгермеуші және қабілетті оқушылармен жұмыс жүргізу барысы бақылауға алынды. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу, олардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қосымша сабақтар мен түзету жұмыстарын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Қабілетті оқушыларға тереңдетілген тапсырмалар мен олимпиадаларға қатысуға мүмкіндік жасау жоспарланды.


4-мәселе бойынша:

III тоқсан қорытындысы бойынша үлгерім мен оқушылардың білім деңгейі талданды. Нәтижелерді жақсарту үшін қажетті шаралар қабылданатын болды. Оқушылардың әлсіз пәндеріне ерекше назар аударылатын болды.

Қаулы етті:

1. 9–11 сынып оқушыларының ҰБТ және ББЖМ -ға дайындық нәтижелері негізінде оқу жоспарлары түзетілісін, оқушылардың жеке дайындығы күшейтілісін.
2. Тарих және құқық негіздері пәндерінде сабақтардың сапасы арттырылып, мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету жұмысы жалғасын тапсын.
3. Үлгерімі төмен және қабілетті оқушылармен жұмыс жоспарлары нақтыланып, тиімді әдіс-тәсілдер қолданылсын

Бірлестік жетекшісі: Кенжекеева А.Н



Хаттама №1

Күні: 3 10 2023 ж.

Уақыты: :

Өткізілген орны: Амангелді ауылының ЖОББМ

Қатысқандар: 9

Күн тәртібі:

1. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың енгізілуі туралы түсіндірме жұмысын жүргізу.
2. Жаратылыстану пәндері бойынша дарынды оқушыларды анықтау.
3. Тоқсандық жиынтық бағалауды енгізу және өткізу.

Тыңдалды:

1. Касенов Е.Ж– бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау жайлы түсіндірме берді.
2. Бидалова А.М– жаратылыстану пәндері бойынша дарынды оқушыларды анықтау жолдарын түсіндірді.
3. Ахметбекова А.С – тоқсандық жиынтық бағалауды енгізу және өткізу барысы жайлы баяндады.

Қаулы етті:

1. Мұғалімдерге бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды енгізуді қамтамасыз ету.
2. Дарынды оқушыларды анықтау үшін пән мұғалімдеріне диагностикалық жұмыстар ұйымдастыру.
3. Тоқсандық жиынтық бағалауды уақытылы өткізу және қорытындысын талдау.

Бірлестік жетекшісі:  Бидалова А.М

Хаттама №2

Күні: 30.11.23 ж.

Өткізілген орны: Амангелді ауылының ЖОББМ

Қатысқандар: 9

Күн тәртібі:

1. Сабақтарға қатысу, әдіс алмасу. Бірінші тоқсандағы жиынтық бағалаудың қорытындысына сараптама жасау, талқылау.
2. География, химия, биология пәндері бойынша сарамандық-зертханалық жұмыстарын жүргізілуін тексеру.
3. Мектепшілік олимпиадаға оқушылар іріктеу.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша Касенов Е.Ж сөз сөйлеп, бірінші тоқсандағы жиынтық бағалау қорытындысына сараптама жасады. Мұғалімдер әдіс алмасып, сабақтарға қатысу тәжірибесі талқыланды.
2. Екінші мәселе бойынша Ахметбекова А.С сөз сөйлеп, география, химия, биология пәндері бойынша сарамандық-зертханалық жұмыстардың жүргізілуін тексеру қорытындысымен таныстырды.
3. Үшінші мәселе бойынша Бидалова А.М мектепшілік олимпиадаға оқушыларды іріктеу тәртібі түсіндіріліп, ұсыныстар айтылды.

Қаулы етті:

1. Бірінші тоқсандағы жиынтық бағалау қорытындысы ескерілсін, мұғалімдерге әдіс алмасуды жалғастыру ұсынылсын.
2. География, химия, биология пәндері бойынша сарамандық-зертханалық жұмыстардың сапасын арттыру шаралары қабылдансын.
3. Мектепшілік олимпиадаға дарынды оқушыларды іріктеу жұмысы ұйымдастырылсын.

Бірлестік жетекшісі:  Бидалова А.М

Хаттама №3

Өткізілген күні: 12.01 2024 ж.

Өткізілген орны: Амангелді ауылының ЖОББМ

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар:

Күн тәртібі:

1. Пән апталығын өткізу барысы.
2. ҰБТ және ББЖМ -ға оқушылардың дайындығы.
3. 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-сыныптарға жаратылыстану пәндері бойынша сабаққа ену және жүргізілу барысын қадағалау.
4. Жас мамандар жұмыстарына сараптама жасау.

Талқыланған мәселелер:

- Әр пән мұғалімі апталықты өткізу жоспарымен таныстырып, атқарылған шаралар бойынша есеп берді.
- 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға және ББЖМ -ға дайындық деңгейі талқыланды. Мұғалімдер тарапынан дайындықты күшейту, қосымша сабақтар өткізу ұсынылды.
- Жаратылыстану бағыты бойынша сабақтарға қатысу арқылы оқу сапасы мен мұғалімдердің әдістемелік жұмыс сапасы талданды.
- Жас мамандардың сабағына қатысу нәтижесінде кәсіби деңгейлері талқыланды, әдістемелік көмек көрсету ұсынылды.

Қаулы:

1. Барлық пән мұғалімдеріне пән апталықтарын сапалы өткізу тапсырылсын.
2. 11-сыныптар бойынша ҰБТ және ББЖМ -ға дайындық жұмыстарын жүйелеу, мониторинг жүргізу жалғастырылсын.
3. Жаратылыстану пәндері мұғалімдеріне сабақтарда белсенді әдіс-тәсілдер қолдану ұсынылсын.
4. Жас мамандарға тәлімгерлік көмектер жалғасын тапсын.

Бірлестік жетекшісі: *Бидалова А.М.* Бидалова А.М

Хаттама №4

Өткізілген күні: 29 03 2024 ж.

Өткізілген орны: Амангелді ауылының ЖОББМ

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Күн тәртібі:


1. Химия, биология, география, тарих пәндері бойынша оқушылардың ҰБТ-ға дайындық деңгейін қадағалау.
2. Онлайн тесттердің қорытындысын талқылау.
3. Тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысын қарастыру.
4. Бірлестік отырысын қорытындылау.
5. Жаңа оқу жылына міндеттер қабылдау

Тыңдалды:

(Мұғалімдер мен жауапты тұлғалардың баяндамалары жазылады.)

Қаулы қабылданды:

1. Әр пән мұғаліміне ҰБТ-ға дайындықты жүйелі түрде бақылау жүктелсін.
2. Онлайн тест нәтижелеріне талдау жасалып, оқушылардың әлсіз жақтары бойынша қосымша дайындық ұйымдастырылсын.
3. Тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы ескеріліп, оқушылардың жетістіктерін көтеру бойынша шаралар белгіленсін.
4. Өткен оқу жылының қорытындылары талданып, оң тәжірибелер келесі оқу жылында жалғастырылсын.
5. Жаңа оқу жылына арналған негізгі міндеттер бекітілсін.
6. Мұғалімдерге әдістемелік жұмыс пен оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша нақты тапсырмалар берілсін.

Бірлестік жетекшісі:  Бидалова А.М

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі

Хаттама № 1

2023–2024 оқу жылы

Өткізілген күні: 05.09.2023 ж.

Өткізілген орны: мектеп

Қатысқандар: бастауыш сынып мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. 2022–2023 оқу жылының қорытындысы, жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестік жоспарын талқылау, бекіту.
3. Қыркүйек айында атқарылатын іс-шаралар жоспары.
4. Әр сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы.

Тыңдалды:

- Бірлестік жетекшісі өткен оқу жылының қорытындысына тоқталып, жеткен жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді атап өтті.
- Жаңа оқу жылында білім сапасын арттыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын дамыту бағытында атқарылатын жұмыстарға назар аударылды.
- Жоспарға енгізілген іс-шаралар (мерекелік, тәрбиелік, пәндік апталықтар) талқыланды.
- Мұғалімдер сыныптағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісті.

Қаулы етті:

2022–2023 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2023–2024 оқу жылына арналған бірлестік жұмыс жоспары бекітілсін.

Мұғалімдерге жоспарланған іс-шараларды уақытылы және сапалы өткізу тапсырылсын.

Оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру мақсатында жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану жалғастырылсын.

Бірлестік жетекшісі: Шарипова С.Ә

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі

Хаттама № 2

2023–2024 оқу жылы

Өткізілген күні: 15.11.2023 ж.

Өткізілген орны: мектеп

Қатысқандар: бастауыш сынып мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. I тоқсан қорытындысы.
2. Оқушылардың білім сапасын арттырудағы тиімді әдіс-тәсілдер.
3. Алдағы мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру.
4. Әдістемелік бірлестік мүшелерінің шығармашылық жұмысымен танысу.

Тыңдалды:

- Бірлестік жетекшісі I тоқсан қорытындысын баяндап, әр сынып бойынша білім сапасына талдау жасады.
- Мұғалімдер тиімді оқыту әдістерімен бөлісіп, жаңа технологияларды қолдану жолдарын ұсынды.
- Желтоқсан айында өтетін Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспары қаралды.
- Әр мұғалім өз шығармашылық ізденістерімен бөлісті (қабырға газеттері, көрнекіліктер, жобалар).

Қаулы етті:

I тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мұғалімдерге сабақ барысында оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану тапсырылсын.

Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу жоспарлансын.

Шығармашылық жұмыстарды тәжірибеге енгізу жалғастырылсын.

Бірлестік жетекшісі: Шарипова С.Б.

Бастауыш сынып бірлестігі
ХАТТАМА №3

Өткізілген күні: 28.03.2024 ж.

Өткізілген орны: мектеп

Қатысқандар: бастауыш сынып мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. III тоқсанның қорытындысы туралы.
2. «Аналар мерекесі» іс-шарасының өтуі туралы.
3. «Наурыз мерекесі» іс-шарасының өтуі туралы.
4. Жоспарланған іс-шаралардың орындалу барысы.

Тыңдалды:

Бірлестік жетекшісі III тоқсанның қорытындысы бойынша ақпарат берді. Оқу сапасы мен оқушылардың үлгерімі қарастырылды.

Аналар мерекесіне арналған іс-шара жоспарға сәйкес өткізілді.
Оқушылар мерекелік бағдарламаға белсенді қатысты.

Наурыз мерекесіне байланысты іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ұлттық салт-дәстүрлер дәріптелді.
Жоспарланған барлық іс-шаралар өз деңгейінде өткізілгені айтылды.

Қаулы етілді:

III тоқсан қорытындысы бойынша оқу сапасы мен үлгерім көрсеткіштерін бақылауда ұстау.

Аналар мерекесін өткізу барысында белсенділік танытқан мұғалімдер мен оқушыларды марапаттау.

Жоспарланған іс-шаралар уақытында әрі сапалы түрде жүзеге асырылсын.

Бірлестік жетекшісі: Шарипова С.Б.

Хатшы: 

Бастауыш сынып бірлестігі

ХАТТАМА №4

Өткізілген күні: 29.05.2024 ж.

Өткізілген орны: мектеп

Қатыскандар: бастауыш сынып мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. ӘБ оқу жылы аяғындағы жұмыс нәтижесі, талдауы және келесі оқу жылының жобасы.
2. Өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша мұғалімдердің есебі.
3. Деңгейлік курстан өткен мұғалімдермен тәжірибе алмасу.

Тыңдалды:

1. Бірлестік жетекшісі оқу жылы бойындағы атқарылған жұмыстарға тоқталды, нәтижелерін саралап, келесі оқу жылына арналған жобалық жоспарымен бөлісті.
2. Мұғалімдер өз білімін жетілдіру мақсатында таңдаған тақырыптары бойынша есеп беріп, жұмыс барысы мен жетістіктерін талқылады.
3. Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер тәжірибелерімен бөлісіп, сабақ барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер жайында ақпарат ұсынды.

Қаулы етілді:

ӘБ-нің оқу жылы бойынша жұмыс нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мұғалімдердің өз білімін жетілдіру бағытындағы жұмыстары жалғасын тапсын.

Деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің іс-тәжірибелері жүйелі түрде таратылып отырсын.

Бірлестік жетекшісі: